

Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағын басқару және оның аумағындағы қызметтің шектеулі режимі қағидасын бекіту туралы

Астана қаласы мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы № 348/46-VIII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 4 желтоқсанда № 37527 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына, "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 3) тармақшасына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағын басқару және оның аумағындағы қызметтің шектеулі режимі қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Т. Зейнұлқабден

Астана қаласы мәслихатының
2025 жылғы 28 қарашадағы
№ 348/46-VIII мәслихаттың
шешімімен бекітілген

Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағын басқару және оның аумағындағы қызметтің шектеулі режимі қағидасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағын басқару және оның аумағындағы қызметтің шектеулі режимі қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы Жер кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 126-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 3) тармақшасына, 9-бабының 44) тармақшасына, 12-2-бабына сәйкес әзірленді және астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағын басқару және оның аумағындағы қызметтің шектеулі режимін басқару тәртібін айқындайды.

2. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағы – астананың аумағындағы қорғау, мәдени-сауықтыру, рекреациялық және туристік функцияларды жүзеге асыратын аймақ ;

2) уәкілетті орган – жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау мәселелерін реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын Астана қаласының атқарушы органы – "

Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

3) уәкілетті ұйым – "Астана орманы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

3. Осы Қағида астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағын басқару және оның аумағындағы қызметтің шектеулі режимі жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағының экологиялық, ресурстық және рекреациялық әлеуетін күзетудің, қорғаудың, күтіп-ұстаудың, дамытудың, жақсартудың, оны ұтымды пайдаланудың құқықтық негіздерін белгілейді.

2-тарау. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағын басқару

4. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағы Кодекстің 126-бабы 2-тармағына сәйкес рекреациялық мақсаттағы жерлердің құрамына кіреді және Заңның 12-2-бабы 1-тармағына сәйкес қорғау, мәдени-сауықтыру, рекреациялық және туристік функцияларды орындайды.

5. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағына оның аумағында орналасқан өсімдіктер дүниесі, жануарлар дүниесі, абаттандыру объектілері, жол-соқпақ жолдар бағыттары, ат жүретін соқпақ жолдар жатады.

6. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағының негізгі мақсаты:

- 1) өсімдіктер мен жануарлар әлемінің объектілерін жасанды өсіру;
- 2) тұрғындардың қысқа мерзімді демалуы үшін жағдай жасау.
- 3) экологиялық теңгерімді сақтау;
- 4) оңтайлы температуралық режимді сақтау, оның ішінде жазғы кезеңде;
- 5) ауаның ылғалдылығын сақтау;
- 6) ластанған ауаның адсорбциясы;
- 7) белгілі бір аумақта ластануды және басқа да теріс әсер ету нысандарын сіңіру, тазарту, өзгедей жою;
- 8) астананың сәндік-эстетикалық көркін, қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру болып табылады.

7. Қызметті ұйымдастыруды, астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағын күтіп-ұстау мен дамыту жөніндегі іс-шаралардың өткізілуін жоспарлауды, бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады. Іс-шараларды жоспарлау "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес аккредиттелген ғылыми ұйымдардың ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

8. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағын күтіп-ұстауға және дамытуға арналған шығыстардың құнын, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы бекітілген мемлекеттік нормативтермен белгіленген "Аумақтарды көгалдандыру, абаттандыру" құрылыс нормаларының бөліміне сәйкес уәкілетті орган айқындайды.

3-тарау. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағының функционалдық аймақтары

9. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағында келесі функционалдық аймақтар белгіленген:

- 1) белсенді демалыс аймағы;
- 2) серуендеу аймағы;
- 3) фаунаның демалыс аймағы;
- 4) қалпына келтіру аймағы.

10. Санитариялық-қорғау жасыл аймағының аумағында орналасқан функционалдық аймақтар жасыл желектерді пайдалану, күзету, қорғау және қалпына келтіру режимін саралау, сондай-ақ жануарлар дүниесінің мекендеу орындарын сақтау және бұзылған табиғи ландшафттарды қалпына келтіру мақсатында айқындалады.

11. Белсенді демалыс аймағы санитариялық-қорғау жасыл аймағының аумағында орналасқан жерлерде оларды абаттандыру және тұрақтылығы жоғары эстетикалық құнды табиғи ландшафттарды қалыптастыру мақсатында тиімді көліктік қолжетімділікті және қолайлы санитариялық-гигиеналық жағдайларды есепке ала отырып айқындалады.

12. Санитариялық-қорғау жасыл аймағы орындарында жеке және топтық серуендерді, туристік бағыттарды ұйымдастыру, азық-түлік және ағаш емес орман қорын белгіленген тәртіппен дайындау және жинау үшін серуендеу алаңы белгіленеді.

13. Санитариялық-қорғау жасыл аймағы орындарында жабайы құстар мен жануарлардың мекендеуі мен көбеюі, олардың қолдан өсірілуі үшін жағдай жасау мақсатында фаунистикалық демалыс аймағы айқындалады.

14. Қалпына келтіру аймағы орман желектері өлген немесе олардың тұрақтылығы едәуір төмендеген және орманды қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешенін ұзақ мерзімді жүзеге асыру талап етілетін санитариялық-қорғау жасыл аймағының орындарында белгіленеді.

15. Қалыптасқан, тұрақты табиғи ландшафттары бар, рекреациялық инфрақұрылымы қалыптасқан санитариялық-қорғау жасыл аймағының орындарында немесе пайдалану, күзету, қорғау және қалпына келтіру режимін дифференциациялау талап етілмеген жағдайларда функционалдық аймақтар бөлінбеуі мүмкін.

16. Санитариялық-қорғау жасыл аймақ аумағының функционалдық аймақтарының шекаралары орамдар мен олардың бөліктерінің шекаралары бойынша уәкілетті органмен белгіленеді.

17. Белсенді демалыс аймағы мен серуендеу аймағын абаттандыру Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 2 қазандағы № 229/28-VIII шешімімен бекітілген Астана қаласының аумағын абаттандыру қағидаларына (бұдан әрі – Абаттандыру қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 201576 тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

4-тарау. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағын күтіп-ұстау және дамыту тәртібі

18. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағын күтіп-ұстау және дамыту жөніндегі қызметті уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

19. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағын күтіп-ұстау қызметіне жасыл желектерді күтіп-ұстау, күзету, қорғау, жасыл желектерді есепке алу, абаттандыру нысандарын күтіп-ұстау, жол соқпақ жолдар бағыттарын, ат жүретін соқпақ жолдарды күтіп-ұстау, аумақты қоқыстан санитариялық тазалау, астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағының аумағында жануарларды өсіру бойынша өзара байланысты жұмыстар, қызметтер жатады.

20. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағын дамыту белгіленген тәртіппен бекітілген қала құрылысы және сәулет-құрылыс құжаттамасына, экологиялық және санитариялық талаптарға сәйкес астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағының жасыл желектерін жаңғыртуды, аумақты абаттандыруды көздейді.

21. Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 3 қазандағы № 87/10-VIII шешімімен бекітілген Астана қаласының аумағында жасыл желектерді құру, күтіп-ұстау және қорғау қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 187873 болып тіркелген) сәйкес жер жырту, делегейлеу, тырмалау және топырақты қопсыту жұмыстарын қоса алғанда, санитариялық-қорғау жасыл аймағының аумағындағы жасыл желектерді күтіп-ұстау, қорғау, күзету және есепке алу жөніндегі жұмыстарды, қызметтерді жүзеге асырады.

22. Абаттандыру қағидаларына сәйкес орамшілік жолдарды тегістеуді қоса алғанда, абаттандыру нысандарын, жол-соқпақ жол бағыттарын, ат жүретін соқпақ жолдарды күтіп-ұстауды, аумақты тасынды қоқыстардан санитариялық тазалауды жүзеге асырады.

23. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағының аумағында жануарлар дүниесін өсіру мақсатында "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабында белгіленген тәртіпте жануарлар дүниесін молықтыру, оның ішінде жануарлардың түрлерін жасанды жолмен өсіру, оларды кейіннен мекендеу ортасына жіберу шаралары жүргізіледі.

5-тарау. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағының аумағында орналасқан табиғи нысандарды ерекше күзету режимі

24. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағының аумағында орналасқан табиғи объектілерді ерекше күзету және қорғау мақсатында қызметтің шектеулі режимі белгіленеді.

25. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағының аумағындағы қызметтің шектеулі режимі принциптерге сәйкес жүзеге асырылады:

1) астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағының аумағында орналасқан табиғи нысандардың жай-күйінің қолайсыз өзгеруіне әкелмейтін қызмет түрлерін іске асырудың және технологияларды қолданудың басымдылығы;

2) әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешудің және астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағының аумағында орналасқан табиғи аймақты ерекше қорғау міндеттерін теңгерімді шешу.

26. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағының аумағында осы аумақтардың экологиялық жүйелерінің жай-күйі мен қалпына келтірілуіне теріс әсер ететін кез келген қызметке, оның ішінде мал жаюға, үй жануарларын айдауға, қоқыс сақтауға, топырақ жамылғысын бұзуға, аң аулауға, жануарларды аулауға және жоюға, қоршаған ортаны және қорғалатын ландшафттардың табиғи түрін бұзуға немесе экологиялық жүйелердің тұрақтылығының бұзылуына әкелетін басқа да қызметтерге тыйым салынады.

27. Бақташысыз өздігінен жүрген ауыл шаруашылығы жануарлары бақылаусыз болып танылады және иесін анықтағанға дейін уақытша ұстау орындарына уәкілетті ұйымдардың өкілдерімен қамауға және ауылшаруашылық жануарларын қорғау, өсіру және өсімдіктер дүниесін пайдалану шегіндегі Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда жауапкершілікке тарту үшін ішкі істер органдарына материалдарды тапсыруға жатады.

28. Ұсталған иесіз ауыл шаруашылығы жануарларын иелеріне қайтару тәртібі, сондай-ақ иелерінің жауапкершілігі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 246-бабына сәйкес айқындалады.

6-тарау. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағының өсімдіктер дүниесін пайдалану тәртібі

29. Жеке және заңды тұлғалар:

1) астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағының аумағында еркін жүруге және баруға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағының өсімдіктер дүниесін пайдалануға;

3) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы ақпаратқа қол жеткізуге құқығы бар.

30. "Өсімдіктер дүниесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 2-тармағына сәйкес жеке және заңды тұлғалар:

1) жабайы өсімдіктерді, олардың бөліктері мен дериваттарын жоюға және бұлдіруге, заңсыз жинауға жол бермеуге;

2) өсімдіктер дүниесін пайдалану ережелерінің талаптарын сақтауға және өсімдіктер өсетін жерлерге жағымсыз әсер етуді болдырмауға;

3) табиғи өсімдіктер бірлестігінің тұтастығын бұзбауға, олардың биологиялық әртүрлілігін сақтауға ықпал етуге;

4) өсімдіктер дүниесін пайдалану процесінде басқа да табиғи нысандардың тозуын болдырмауға;

5) өсімдіктер дүниесі алып жатқан жер телімдерінде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;

6) өсімдіктер дүниесін пайдалану кезінде басқа тұлғалардың құқықтарын бұзбауға міндетті.

7-тарау. Қағида талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік

31. Осы Қағидалардың талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.